

«Бекітемін»  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«Білім беруді жаңғырту  
орталығы» МҚКК басшысы  
С.Мадеев  
«16» қыркүйек 2021 жыл

## «ЕՆ ԴՅԸԻԿ ՎՕՂԱԿՄԻ» қалалық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «ЕՆ ԴՅԸԻԿ ՎՕՂԱԿՄԻ» (бұдан әрі - Конкурс) «Білім туралы», «Педагог мәртесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары негізінде әзірленді.

1.2. Конкурсты Білім беруді жаңғырту орталығы Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы мен «Әділет» білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізеді.

1.3. Конкурс «Білім беруді жаңғырту орталығы» МҚКК (бұдан әрі - Орталық) 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.4. Конкурс қашықта өтеді.

### 2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты: вожатыйлардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасау; вожатый жұмыс тәжірибесімен алмасуы және оны тарату; вожатый мамандығының беделін арттыру.

2.2. Міндеттері:

- шығармашылық және кәсіби потенциалын іске асыру, балалармен тәрбие жұмысын жүргізу саласындағы авторлық идеялар тудыру;
- вожатыйлар белсенділігін, өзіндік креативтілігі мен шығармашылық ізденісін ынталандыру;
- білім беру жүйесін дамыту мәселелерін шешуге жас педагогтарды тарту.

### 3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Конкурсқа барлық білім беру ұйымының вожатыйлары қатыса алады.

### 4. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін Конкурстың жұмыс тобы, Сараптамалық және Қалалық комиссия құрылады.

4.2. Жұмыс тобының мүшелері Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Сараптамалық комиссия Конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпазын анықтап, Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға ұсыным беру үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен құрылады және бекітіледі. Сараптамалық комиссия әдіскерлер, педагогтер, кәсіби конкурс жеңімпаздары қатарынан құрылады.

4.4. Конкурстың екінші кезеңіне қатысушыларды бағалау және «EN ÚZDIK VOJATYI» атағын беру туралы Комиссия шешімін шығару үшін Қалалық комиссия құрылады, оның құрамы Нұр-Сұлтан қаласының бұйрығымен Білім беруді жаңғырту орталығының басшысымен бекітіледі. Комиссия Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы, Білім беруді жаңғырту орталығының қызметкерлері, «Әділет» білім беру ұйымдары кәсіподағының қызметкерлері, журналист (блогер), «Астана Дарыны» орталығының қызметкерлері, ЖОО және колледж оқытушылары, «Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту» қорының төрағасы және «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының өкілдерінен құрылады.

4.5. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалау парақтары мен түсініктемелері құпия ақпарат болып табылады, көрсетілмейді және берілмейді.

#### **4.7. Жұмыс тобы:**

- Конкурс материалдарының тізбесін, оның ресімделуіне қойылатын талаптарды, бағалау критерийлерін айқындайды.

- Өткізу орны, уақыты, нысаны мен өткізу тәртібін белгілейді.

#### **4.8. Сараптамалық комиссия:**

1) Конкурстың I кезеңінің материалдарын қарастырады және Конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;

2) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және Қалалық комиссияға тапсырылады.

#### **4.9. Қалалық комиссия**

1) Конкурстың II кезеңін бағалайды;

2) Комиссияның «EN ÚZDIK VOJATYI» атағын беру туралы шешімін қабылдайды;

3) шешім қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, шағымдануға және қайта карауға жатпайды.

5) Жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

## **5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

### **5.1. Конкурс кезеңдері:**

Конкурс екі кезеңнен тұрады:

**I кезең 2021 жылғы 8 - 14 қазан аралығында өтеді.** Сараптамалық комиссия мүшелері мыналарды қарастырып, бағалайды:

Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығына 2021 жылдың 13 қазан айына дейін [otdelvosp.razvitiya@mail.ru](mailto:otdelvosp.razvitiya@mail.ru) электронды поштасына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) жеке куәлік көшірмесі;
- 2) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес Конкурсқа қатысу үшін нысан бойынша өтінім;
- 3) Қатысушылар «Вожатый мамандығы», «Мен өз ісімнің кәсіпқойымын» тақырыптарының біріне 5 минут көлемінде Tik-Tok бейнеролик түсіреді. Бейнероликті инстаграм парақшасына жүктейді және #менвожатый, #лидервожатый, #конкурс, #вожатыйNS хэштегмен ұйымдастырушыларды белгілейді.
- 4) Конкурс қатысушылары Білім беруді жаңғырту орталығының парақшасына [https://instagram.com/modernastana?utm\\_medium=copy\\_link](https://instagram.com/modernastana?utm_medium=copy_link) тіркелу қажет.
- 5) Қатысушы өзін таныстырады, өзінің педагогикалық идеяларын, кәсіптегі көшбасшылық қасиеттерін, балаларға, әріптестерге деген қарым-қатынасын, сондай-ақ өмірлік басымдықтарын көрсетеді.

### **5.2. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар – қабылданбайды.**

Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Конкурс материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

5.3. Қалалық конкурстың I кезеңінен сәтті өткен вожатыйлардың тізімі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МҚКК сайттарында орналастырылады.

### **II кезең: 2021 жылдың 28 қазан күні онлайн түрінде өтеді.**

#### **1) «Мен вожатыймын, бұл дегеніміз ...» (Өзін-өзі таныстыру)**

Өзін-өзі таныстыру қатысушының шығармашылық көрінісін қамтиды (слайд 15 парақтан аспау қажет).

**Бағалау критерийлері:** өзінің педагогикалық кредосын ұсына білу; вожатый қызметі, нормативтік – құқықтық негіздері, құрылымы, эстетикасы және әртістігі.

#### **2) Шығармашылық сайыс: «Жасаймыз, ойлап табамыз, пайдаланамыз!»**

Байқауға қатысушылар бейне-контент дайындайды. Қатысушының міндеті дайындық кезінде және сөйлеген сөзінде заманауи вожатый жұмысының ерекшеліктерін көрсету. Сөйлеудің жалпы ұзақтығы 7 минуттан аспайды. Бейне-контентке қатысушы қолдау көрсете алады: (директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, өзін-өзі басқару, Жас-Ұлан, ерікті)

аспайды. Бейне-контентке қатысушы қолдау көрсете алады: (директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, өзін-өзі басқару, Жас-Ұлан, ерікті)  
**Бағалау критерийлері:** өзара әрекеттесу қабілеті, өзіндік ерекшелігі, эстетикасы, шеберлігі.

Конкурсты сараптау комиссиясы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

## 6. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Қонкурстың қорытындысы бойынша комиссия алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар «Бас жүлде», I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, сондай-ақ «Әртістігі үшін», «Ұлттық дәстүрін сақтағаны және дамытқаны үшін», «Ең шығармашыл вожатый», номинацияларымен марапатталады.

6.1. Жүлдегерлер және лауреаттар дипломдарымен сондай-ақ бағалы сыйлықтармен марапатталады.

6.2. Конкурстың нәтижелері Конкурс аяқталған соң күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Нұр-Сұлтан қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

«EN ÚZDIK VOJATY»  
атағын беру конкурсына қатысуға

Өтінім

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Жұмыс орны	
2	Т.А.Ө. толық	
3	Туған жылы, айы, күні	
4	Лауазымы	
5	Педагогикалық өтілі	
6	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
7	Білімі (қандай оқу орны, қандай факультетті қашан бітірді, диплом бойынша мамандығы)	
8	Байланыс телефоны	

Қосымша: Конкурсқа қатысу үшін құжаттар \_\_\_\_\_ парақ

Өтінім толтырылған күн \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымы басшысының қолы \_\_\_\_\_

М.О.